

Қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі сарбаздар жасақтарды қызметінің қағидасы туралы

Май аудандық Мәслихатының (III сайланған Y сессиясы) 2004 жылғы 12 қаңтардағы N 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет Департаментінде 2004 жылғы 5 ақпанда N 2242 тіркелді

Азаматтардың Конституциялық құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз ету, сонымен қатар тұрғындарды қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысуға тарту мақсатында және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 5 тармақшасына сәйкес

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Й М Ы Н :

1. Ерікті негізде қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі сарбаздар жасақтары қызметінің қағидасы бекітілсін.
2. Селолық округтердің әкімдері ауданның елді мекендеріндегі лайықты тұрғындар санынан сарбаздар жасағын құрсын.
3. Аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы келісім бойынша сарбаздар жасақтарына іс жүзіндегі, әдістемелік және құқықтық көмектер көрсетсін.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Әлжановқа жүктелсін.

Аудан әкімі Т.Мүбәраков

А у д а н ә к і м і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы " 1 2 " қ а ң т а р д а ғ ы
" Қ о ғ а м д ы қ т ә р т і п т і с а қ т а у
ж ө н і н д е г і с а р б а з д а р ж а с а қ т а р ы
қ ы з м е т і н і ң қ а ғ и д а с ы т у р а л ы "
N 1 шешімімен бекітілді

Қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі сарбаздар жасақтары қызметінің Қағидасы

1. Жалпы қағидалар

1. Сарбаздар жасақтарының бөлімшелері ауылдық әкімшіліктермен азаматтардың тұрғылықты жерлері бойынша ішкі істер органдарына қоғамдық тәртіпті сақтауда және құқық бұзушылықтың алдын алуда, сондай-ақ қылмысты ескерту мен болдырмауда көмек көрсету үшін құрылады.

2. Сарбаздар жасақтарының бөлімшелері ерікті негізде Қазақстан Республикасының 18 жасқа толған азаматтар санынан жасақталады, ауылдық округ әкімінің, учаскелік полиция инспекторының, ақсақалдар кеңесінің және басқадай қоғамдық бірлестіктердің, шаруа қожалықтарының ұсыныстары бойынша азаматтардың жеке өтініштерінің негізінде.

3. Азаматтардың жасаққа қабылдау жөніндегі өтініштері ауылдық округ әкімінің атына тапсырылады. Жасақ мүшелігіне үміткерлер криминалдық статистика және арнайы тіркеу басқармасында тексеруден өтеді.

4. Егер үміткер сотталған болса, онда ол жеке және моральдық мінездемесі жағынан сарбазға қойылатын талаптарға сәйкес болса, ауыл әкімінің шешімімен сарбаздар жасағының мүшелігіне алынады.

5. Сарбаздар жасағының бөлімшелеріне жалпы басшылық етуді ауылдық округтердің әкімдері мен учаскелік полиция инспекторлары жүзеге асырады.

6. Ауылдық округтердің әкімдері сарбаздар жасақтарының ішкі істер органдарымен қарым-қатынас мәселелерін үйлестіреді.

7. Меншік нысанына қарамастан барлық заңды тұлғалар мен азаматтар сарбаздар жасақтарының бөлімшелеріне қоғамдық тәртіпті сақтауға және құқық бұзушылықтың алдын алуға жан-жақты көмектесіп, ықпал етеді.

2. Негізгі міндеттері мен қызметтері

8. Сарбаздар жасақтарының негізгі міндеттері болып ішкі істер органдарына учаскелік полиция инспекторларымен бірлесе отырып, ауылдық округтердің аумақтарында, көшелерінде күндізгі және түнгі уақыттарда, сондай-ақ көпшілік-мәдени және спорттық іс-шаралар өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау және құқық бұзушылықтардың алдын алуда күзет жүргізу жолдарымен көмек көрсету болып табылады;

ішкі істер органдарының қызметкерлерімен бірге мал ұрлығын ескерту, алдын алу және ашу, маскүнемдікті, нашақорлықты, балалардың бақылаусыз қалуын және кәмелетке жасы толмағандар арасында қылмыстың алдын алу, ескерту жөніндегі жұмыстарға қатысу.

3. Сарбаздар жасақтарының құрылымы және олардың жұмыс істеу принциптері

9. Сарбаздар жасақтары ауылдық округтердің аумақтарындағы жасақтар бөлімшелерінен құрылады.

10. Аудандық сарбаздар жасақтары штабын басшы басқарады, оның міндеттері Май аудандық ішкі істер бөлімінің қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің бастығына жүктеледі.

11. Ауылдық округтер аумақтарындағы сарбаздар жасақтары бөлімшелерін ауылдық округтер әкімі мен учаскелік полиция инспекторлары ұсынған және аудандық штаб басшысымен лауазымына тағайындалатын және босатылатын командир басқарады.

12. Аудандық сарбаздар жасақтары штабының басшысы сарбаздар жасақтары қызметтерінің мәселелері бойынша ішкі істер органдарымен қарым-қатынасты үйлестіруді қамтамасыз етеді, сарбаздар жасақтары бөлімшелерінің қызметін сараптайды, сонымен қатар жұмыс тиімділігін арттыру жөнінде шаралар қабылдайды;

1) аудан әкіміне және аудандық ішкі істер бөлімінің бастығына қоғамдық тәртіпті сақтауды және құқық бұзушылықтың алдын алуды жақсарту жөнінде ұсыныстар

ж а с а й д ы ;

2) сарбаздар командирлерін мадақтау және жазалау мәселелерін қарайды.

13. Сарбаздар жасақтарының командирлері сарбаздар жасақтарына басшылық етеді, учаскелік полиция инспекторларымен бірлесе отырып, сарбаздар жасақтарының мүшелерін іріктейді, оларды тағайындауды және оқытуды жүргізеді;

1) жасақ мүшелерінің кезекшілікке шығу кестесін құрады;

2) қоғамдық тәртіпті сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі міндеттерді жасақ мүшелерінің орындауын ұйымдастырып, бақылайды.

14. Кезекшілікке түсер алдында жасақ командирі жасақ мүшелері үшін ауылдық округ аумағындағы оперативтік жағдай, олардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттер туралы нұсқаулық өткізеді.

4. Жасақ мүшелерінің міндеттері мен құқықтары

15. Жасақ мүшелері міндетті:

- қоғамдық тәртіпті сақтау мен құқық бұзушылықтың алдын алуға белсенді қатысуға, аудандық штаб басшысының және жасақ командирінің нұсқаулары мен талаптарын орындауға.

16. Жасақ мүшелерінің құқықтары:

1) азаматтардан қоғамдық тәртіпті бұзуды тоқтатуды талап етуге;
2) қажет болған жағдайда ішкі істер органдары қызметкерлерінің қатысуымен құқық бұзушыны аудандық ішкі істер бөліміне немесе учаскелік полиция пунктіне алып баруға.

5. Мадақтау және жазалау шаралары

17. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 тамыздағы "Қоғамдық тәртіпті сақтауға, қылмыстардың алдын алуға және болдырмауға қатысқан азаматтарды мадақтау Ережелерін бекіту туралы" N 1243 қаулысына сәйкес аудандық комиссияның шешімімен құқық бұзушылармен күрес жүргізуге белсенді қатысқан сарбаздар, қоғамдық ұйымдармен, шаруа қожалықтарымен, мекемелермен, алғыс жариялау, сыйлық немесе сыйақы беру жолдарымен мадақталады.

18. Сарбаздар жасақтарының мүшелерін марапаттау салтанатты түрде ауыл жиындарында, жиналыстарда жүргізіледі.

6. Жасақ бөлімшелерін қорғау шаралары

19. Жасақ бөлімшелерінің мүшелері кезекшілік кезінде жарақат алған кезде, оларды емдеу аудандық бюджет қаражатынан төленеді.

7. Жасақты материалдық-техникалық қамтамасыз ету

20. Сарбаздар жасақтарына ғимарат бөлуді, қызметтік телефон құруды, ғимаратты пайдаланғаны үшін жалақы мен коммуналдық қызмет төлемдерін төлеуді, атқарушы органдар жүзеге асырады.

8. Заңдылықты сақтауды бақылау

21. Сарбаздар жасақтарының қызметінде заңдарды сақтауды бақылау ҚР-ның "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" Заңына сәйкес прокуратура органдарымен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ